

Бекітемін \_\_\_\_\_  
«Жансая» бөбекжай-бақпасының  
менгерушісі Е.Ж.Карабаева



4

**2023-2024 оқу жылына арналған  
педагогикалық кеңестер хаттамасы**



2023-2024 оқу жылына педагогикалық кеңестер кестесі

№	Іс-шаралар атауы	Орындау мерзімі	Аяқтау нысаны	Жауаптылар
1	<p><b>Тақырыбы</b> «Жаңа оқу жылындағы бөбекжай қызметінің негізгі бағыттары»  <b>Мақсаты:</b> «2023-2024 жаңа оқу жылында тәрбиелеу – оқыту жұмысын ұйымдастыру»                      1. Жазғы сауықтыру - шынықтыру іс-шараларының атқарылған жұмыстарын талқылау, қорыту                      2023– 2024 оқу жылына арналған жылдық жоспарды бекіту:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- жылдық мақсат пен міндеттерді;</li> <li>- оқу жоспарларын бекіту;</li> <li>- ұйымдастырылған іс-әрекеттердің кестесі;</li> <li>- перспективалық жұмыс жоспарлары;</li> <li>- таңғы жаттығу кестесі;</li> <li>- күн тәртібі кестесін бекіту</li> <li>- тәлімгерлік жұмыс;</li> </ul> <p>2. Аттестациядан өтетін педагогтардың тізімін анықтап, бекіту, комиссияның құрамын сайлау                      3. Коучинг «Мен 2023-2024 жылы...»                      4. Психологиялық тренинг. Бөбекжай психологі А.Аханова                      Педагогикалық кеңестің шешім жобасын қабылдау және бекіту</p>	қыркүйек	Хаттама	Менгеруші, әдіскер
2	<p><b>Тақырыбы:</b> «Бала денсаулығын сақтаймыз және нығайтамыз»  <b>Мақсаты:</b> қауіпсіздік ережелеріне сүйене отырып, балалардың өмірі мен денсаулығын сақтау, шынықтыру іс-шараларын ұйымдастыру                      №1 педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдерінің орындалуы.                      1.«Бөбекжайда балалардың дене бітімінің жан жақты дамуына жағдайлар туғызу»- тақырыбында баяндама. Медбике Тойымбетова Л.</p>	Қараша	Хаттама	Менгеруші, әдіскер

	<p>2.«Баланың сөйлеу тілін дамытатын жаттығулар» - Тұрлыбек Балжан логопед</p> <p>3. «Баланың денсаулығы бүгінгі таңда.....» - педагогикалық пікірталас</p> <p>4. «Балалар дене бітімінің дұрыс қалыптасуына ойынның атқаратын рөлі»- Мырзахметова Айгерім қимылды ойындар</p> <p>5. «Спорт және экология» шеберлік сағаты Сулейменова К</p> <p>6. Тренинг</p>			
3	<p><b>Тақырыбы:</b> Көркем шығармалар қойылымдары мен интеллектуалдық ойындар арқылы баланың сөйлеу тілін, қарым-қатынас мәдениетін дамыту және логикалық ойлау қабілеттерін арттыру.</p> <p><b>Мақсаты:</b> педагогикалық ұжымның осы бағыттағы жұмыстарының жетістіктері мен кемшіліктерін түзету жолдарын белгілеу.</p> <p>№ 2 педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдерінің орындалуы.</p> <p>1. 2023-2024 оқу жылындағы балалардың қаңтар айындағы білім деңгейлерінің сараптамасы</p> <p>2. <b>Баяндама:</b> «Көркем шығармалар қойылымдары мен интеллектуалдық ойындар» Каринбаева Н.</p> <p>4. <b>Іс-тәжірибе:</b> «Ойнай жүріп ойлайық» Асильбекова Г</p> <p>5. «Сөйлейтін қабырға»стенді бойынша шеберлік сағаты Ирзашева Ұ</p> <p>6. «Ертегі сыр шертеді» шеберлік сағаты Бестенова Л</p> <p><b>Көрме:</b> Фетден жасалынған көрнекіліктер Педагогикалық кеңестің шешім жобасын қабылдау және бекіту.</p> <p>7. Педагогикалық кеңестің шешім жобасын қабылдау және бекіту.</p>	Қаңтар	Хаттама	<p>Менгеруші Карабаева Г, әдіскер Қуттыбай А</p>
4	<p><b>Тақырыбы:</b> «Бөбекжайдағы іс-әрекет процесі»</p> <p><b>Мақсаты:</b> педагогикалық ұжымның жұмыстарының жетістіктері мен кемшіліктерін түзету жолдарын белгілеу.</p> <p>№ 3 педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдерінің орындалуы.</p> <p>1. «Инновациялық технология арқылы балалардың шығармашылық-танымдық қабілеттерін дамыту» іс-тәжірибе. Серикбаева Назира</p>	Наурыз	Хаттама	<p>Менгеруші Карабаева Г, әдіскер Қуттыбай А</p>

<p>2. Тренинг. Мақсаты: Тәрбиешілерден қазіргі заманғы отбасы туралы нақты жағдайларға идеалды көзқарастарды талдау, тәжірибесін басқаларға өнеге ету, біліктілігін жетілдіру. Әдіскер Куттыбай Аида.</p> <p>3. «Менің педагогикалық жаңалығым» Аширова айман</p> <p>4. «Инновациялық әдіс-тәсілдер» шеберлік сағаты. Аханова Ақмарал</p> <p>5. «Сөйлейтін қабырға» стенді бойынша шеберлік сағаты Тұрлыбек Балжан Педагогикалық кеңестің шешімін қабылдау және бекіту.</p>			
<p>5 <b>Педкеңестің қорытындысы</b> <b>Тақырыбы:</b> «Өткен оқу жылындағы педагогикалық ұжым жұмысының нәтижелілігі» <b>Мақсаты:</b> МДМ-де барлық іс-әрекеттер нәтижесін және әрпедагогтың жекеше ісін қорытындылау, тәрбие-білім беру жұмысының бірнеше түрлерін көрсете алуы, оның нәтижесі. № 4 педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдерінің орындалуы. 1. Педагогтардың жыл бойы істелінген жұмыстар бойынша есеп, тәлімгерлер жұмысының есебі. 2. 2023-2024 оқу жылының мамыр айындағы балалардың негізгі құзыреттіліктерінің қалыптасуы бойынша сараптама (мониторинг нәтижелері) <b>3. Тақырыптық тексеріс:</b> «Қорытынды ұйымдастырылған оқу қызметінің өткізу деңгейі» анықтама 4. Аттестациядан өтуге өтініш қабылдау. 5. Жазғы сауықтыру шараларын талқылау және бекіту Педагогикалық кеңестің шешім жобасын қабылдау және бекіту. 6. Тренинг</p>	Мамыр	Жылдық есеп	Менгеруші Карабаева Г, әдіскер Куттыбай А

Орындаған әдіскер Куттыбай А.Н

## №1 педагогикалық кеңестің күн тәртібі

**Тақырыбы** «Жаңа оқу жылындағы бөбекжай қызметінің негізгі бағыттары, балалалардың эмоционалды әл-ауқатын жақсарту үшін ортаны модельдеу».

**Мақсаты:** 2023-2024 жаңа оқу жылында тәрбиелеу-оқыту жұмысын ұйымдастыру, жаңа оқу жылына арналған жылдық жоспарын бекіту, 2023-2024 оқу жылында тәрбиелеу- білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хатпен таныстыру. Жаңа оқу жылына серпін беру.

**Өткізген күні:** 31 тамыз 2023 жыл

**Қатысқан:** 10 педагог

**Қатыспаған:** жоқ

**Педкеңес төрайымы:** Махатай Г

**Хатшы:** Асильбекова Г.

### Күн тәртібінде:

1. Бөбекжай м.у.а меңгерушісі Г.О.Махатайдың алғы сөзі. Жаңа оқу жылының басталуымен құттықтау. Күн тәртібімен таныстыру

2. Жазғы сауықтыру - шынықтыру іс-шараларының атқарылған жұмыстарын талқылау, қорыту

3. 2023-2024 оқу жылына арналған жылдық жоспарын бекіту:

- жылдық мақсат пен міндеттерді;
- оқу жоспарларын бекіту;
- ұйымдастырылған іс-әрекеттердің кестесі;
- перспективалық жұмыс жоспарлары;
- таңғы жаттығу кестесі;
- күн тәртібі кестесін бекіту
- тәлімгерлік жұмыс;

4. **Психологиялық тренинг**

5. Аттестациядан өтетін педагогтардың тізімін анықтап, бекіту, комиссияның құрамын сайлау.

6. Коучинг «Мен 2023-2024 оқу жылы...»

7. Педагогикалық кеңестің шешімін қабылдау және бекіту.

2023-2024 оқу жылының №1 педкеңесі дәстүрден тыс тәсілде өтті. Бірінші мәселе бойынша бөбекжай м.у.а меңгерушісі Г.О.Махатай сөз алды. Педагогтарды жаңа оқу жылымен құттықтап, жаңа оқу жылына толағай табыстар тіледі.

Екінші мәселе бойынша әдіскер Г.Махатай педагогтарға топқа бөлінуді сұрады. Бірінші топ: жазғы сауықтыру кезеңіне талқылау жасады, екінші топ: менің жазғы демалысым, үшінші топ: «Бөбекжайым – мейірім мекенім» тақырыбына интеллект карта жасауды сұрады. жазғы сауықтыру-шынықтыру кезеңіне қорытынды жасалды, жазғы демалыс кезеңі талқыланды және бөбекжай мейірім мекені болуы үшін балаларға эмоционалды қолайлы орта ұйымдастырудың қажеттілігі талқыланды.

Үшінші мәселе бойынша 2023-2024 оқу жылының жылдық жоспары бекітілді. 2023-2024 оқу жылы шыққан әдістемелік нұсқаулық хатпен таныстырды. Жаңа оқу жылындағы өзгерістермен таныстырып өтті. Педагогтардың сұрақтарына жауап берді. Барлық топтарға ұйымдастырылған іс-әрекеттердің кестесі, перспективалық жұмыс жоспарлары, таңғы жаттығу кестесі, күн тәртібі кестесін бекітіліп, таратылды. Бөбекжайдың жас мамандарына тәлімгерлер бекітілді. Тәлімгерлік жұмыс бойынша жоспар құрылды.

Төртінші мәселе бойынша бөбекжай психологы Аханова Акмарал педагогтарды жаңа оқу жылымен құттықтап, жаңа оқу жылына мотивациялық тренинг өткізді. Барлық педагогтар қызығушылықпен қатынасты. Жаңа оқу жылына әр педагог өзінше серпін алды, тренинг барлық педагогтың көңілінен шықты.

Аттестациядан өтетін педагогтардың тізімін анықтап, бекіту, комиссияның құрамы сайланды. Және кәсіподақ төрайымы өзгертілді. Кәсіподақ төрайымы болып тәрбиеші Асильбекова Гульзинат бекітілді. Кәсіподақ төрайымының көмекшісі болып Мырзахметова Айгерім тағайындалды.

Бесінші мәселе бойынша әдіскер Г.Махатай коучинг өткізді. Педагогтарға интеллект карталармен жұмыс жасаудың тиімділігін көрсетті. «Мен 2023-2024 жылы...» деп әр педагог жаңа оқу жылына мақсаттарын жазып шықты. Жылдың соңында осы жазылған мақсаттары бойынша қорытынды жасалатын болады деп атап өтті.

Әр түрлі мәселелер бойынша жұмысқа кешікпеулерін және ата-аналар жиналысын өткізу қажеттігін атап өтті. Әрбір іс-әрекеттерде ата-аналармен тығыз байланыста болуларын ескертті. Балалардың тазалығы мен төлемақысын қадағалауды тапсырды.

Педагогикалық кеңестің шешімін қабылданды.

#### **Қаулы:**

1. 11 қыркүйекке дейін топтардың жеке іс-қағаздары тапсырылсын.
2. Қыркүйек айының екінші аптасында перспективалық жоспарлар бекітілсін.
3. Топтар көрнекіліктермен жаңартылсын, ҮІӨ-тер дайындықпен жүргізілсін.
4. Топтарда дамытушылық орталықтар жасақталсын.
5. Бөбекжайда камқоршылық кеңес құрылсын. Аналар, әкелер, әжелер мектебі жасақталсын.
6. Білім беру-тәрбиелеу процестеріне ата-аналар тартылсын. Ашық есік күндері ұйымдастырылсын

**Педкеңес төрайымы: Махатай Г**  
**Хатшы: Асильбекова Г.**



**№2 педагогикалық кеңес тақырыбы:** «Бала денсаулығын сақтаймыз және нығайтамыз»

**Мақсаты:** қауіпсіздік ережелеріне сүйене отырып, балалардың өмірі мен денсаулығын сақтау, шынықтыру іс-шараларын ұйымдастыру

**Өткізген күні:** 22 қараша 2023 жыл

**Қатысқан:** 12 педагог

**Қатыспаған:** 0 педагог

**Педкеңес төрайымы:** Карабаева Г.Ж

**Хатшы:** Бабашева О

1. №1 педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдерінің орындалуы.
  2. «Бөбекжайда балалардың дене бітімінің жан жақты дамуына жағдайлар туғызу»- тақырыбында баяндама. Медбике Тойымбетова Л.
  3. «Баланың сөйлеу тілін дамытатын жаттығулар» - Тұрлыбек Балжан Логопед
  4. «Баланың денсаулығы бүгінгі таңда.....» - педагогикалық пікірталас
  5. «Балалар дене бітімінің дұрыс қалыптасуына ойынның атқаратын рөлі»- Мырзахметова Айгерім
  6. «Спорт және экология» шеберлік сағаты Сулейменова К
  7. Тренинг
- Әр түрлі мәселелер

2023-2024 оқу жылының №2 педкеңесі дәстүрден тыс өтті. Бірінші мәселе бойынша бөбекжай меңгерушісі Г.Ж.Карабаева сөз алды. №1 педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалуына тоқталып, жақсы деген баға берді. Топтарды орталықтарға бөлу бойынша бірнеше нұсқаулар берілді.

Екінші мәселе бойынша медбике Тойымбетова Лаура «Бөбекжайда балалардың дене бітімінің жан жақты дамуына жағдайлар туғызу»- тақырыбында баяндама оқыды. Баяндама барысында бала денсаулығын көтеру барысында бөбекжайдың негізгі міндеттеріне тоқталды. Дене жаттығуы баланың жан-жақты жетілуіне ықпал етеді. Дене тәрбиесінің негізгі мазмұны денені жаттықтыру болып табылады. Ол мынадай түрлерге бөлінеді. Балабақшаға таңертеңгі келген уақыттан бастап күн тәртібі бойынша сауықтыру шараларын (Таңғы жаттығу, кимылдық ойындар, сергіту сәттері, серуен кезіндегі спорттық ойындар мен жаттығулар, спорттық мерекелер, ойын-сауықтар) өткізуге тиіс.

Үшінші мәселе бойынша логопед Тұрлыбек Б. «Баланың сөйлеу тілін дамытатын жаттығулар» тақырыбында тілдік жаттығулар жасатты. Дыбыстарды дұрыс айта алмайтын балаларға тоқталып, дыбыстарды дұрыс шығару жаттығуларын көрсетті, жаттығу барысында педагогтар дыбыстарды дұрыс

шығаруды үйренді.

Төртінші мәселе бойынша «Баланың денсаулығы бүгінгі таңда...» тақырыбында педагогикалық пікірталасты әдіскер Қуттыбай Аида өткізді. Баланың денсаулығының бүгінгі күннің өзекті екеніне тоқталып, XMIND картасында бала денсаулығының төмендігі мен жақсы екенін екі картаға толтырды.

Бесінші мәселе бойынша тәрбиеші Мырзахметова Айгерім «Балалар дене бітімінің дұрыс қалыптасуына ойынның атқаратын рөлі» тақырыбында педагогтармен қызықты ойындар ойнады. «Бестемше» ойынын үлкен көлемде топпен ойнаудың қыр-сырын үйретті. Сонымен қатар, шар арқылы дене бітімінің қалыптасуына байланысты доптармен ойындар ойнатты. Шапшаңдық пен ұқыптылыққа үйретіп қоймай, дене бітімінің шымырлығына алып келетін ойындарды көрсетті. Шеберлік сағатынан соң педагогтар ерекше әсерленді.

Алтыншы мәселе бойынша тәрбиеші Сулейменова Камилла «Спорт және экология» шеберлік сағатын өткізді. Шеберлік сағат барысында қажетсіз, қоқыстарға екінші өмір сыйлауды үйретті. Түрлі үлкен көлемдегі моншақтардан, есепшоттардың моншақтарынан, жіптерден, киндер ойыншығының жұмыртқаларынан, басқа да түрлі қоқыс түрлерінен спорттық жаттығуларға қажетті құралдар жасауды көрсетті. Педагогтар берілген құралдарды пайдаланып өздері жасауды үйренді.

Жетінші мәселе бойынша бөбекжай психологы Аханова Акмарал педагогтар арасындағы ынтымақтастықты нығайту мақсатындағы тренинг жаттығуларын өткізді. Тренинг барысында педагогтардың бір-біріне деген сенімділік орнады, қарым-қатынас тары нығая түсті. Тренинг өз мақсатына жетті, педагогтар ерекше мотивация алды.

Әр түрлі мәселелер бойынша әдіскер Қуттыбай Аида топтарды заттық дамытушы орталықтарға бөліну бойынша кеңестер берілді. Бөбекжай меңгерушісі Карабаева Г.Ж ішкі тәртіп пен 2023-2024 оқу жылының аудандық семинарына байланысты нұсқаулар берілді. Төлемақыны уақытында төлетіп отыруды тапсырды, тегін тамақтанатын балалардың табельдерін қатесіз толтыруды сұрады. Педагогикалық кеңес қорытындыланды, шешім шығарылды.

#### **№2 педагогикалық кеңестің шешімі:**

1. Топтарда дамытушы орталықтар толықтырылсын.
2. Жұмысқа уақытында келсін, ішкі тәртіп сақталсын.
3. Бала денсаулығын нығайту үшін жаттығулар жүйелі түрде жүргізілсін.
4. Бала денсаулығын нығайтуда тәрбиеші, логопед, психолог, медбике, әдіскердің жоспары бойынша бірлесе жұмыс атқарсын.

**Педкеңес төрайымы:** Карабаева Г.Ж

**Хатшы:** Бабашева О



**№3 педагогикалық кеңес тақырыбы:** Көркем шығармалар қойылымдары мен интеллектуалдық ойындар арқылы баланың сөйлеу тілін, қарым-қатынас мәдениетін дамыту және логикалық ойлау қабілеттерін арттыру.

**Мақсаты:** педагогикалық ұжымның осы бағыттағы жұмыстарының жетістіктері мен кемшіліктерін түзету жолдарын белгілеу.

**Өткізген күні:** 15 қаңтар 2024 жыл

**Б**

**а Қатысқан:** 11 педагог

**р Қатыспаған:** 1 педагог

**л Педкеңес төрайымы:** Г.Ж.Карабаева

**ы Хатшы:** Қуттыбай А.Н

**ғ**

**ы Күн тәртібіндегі мәселелер:**

1. №2 педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдерінің орындалуы.  
педагог *Бөбекжай меңгерушісі: Г.Ж.Карабаева*

2. 2023-2024 оқу жылындағы балалардың қаңтар айындағы білім деңгейлерінің сараптамасы

*Әдіскер: А.Н.Қуттыбай*

3. Баяндама: «Көркем шығармалар қойылымдары мен интеллектуалдық ойындар».

*Тәрбиеші: Каринбаева Н*

4. Іс-тәжірибе: «Ойнай жүріп ойлайық».

*Тәрбиеші: Асильбекова Г*

5. «Ертегі сыр шертеді» шеберлік сағаты.

*Тәрбиеші: Мырзахметова А*

6. Әр түрлі мәселелер

Педагогикалық кеңестің шешім жобасын қабылдау және бекіту.

2023-2024 оқу жылының №3 педкеңесі дәстүрден тыс өтті. Бірінші мәселе бойынша бөбекжай меңгерушісі Г.Ж.Карабаева сөз алды. №2 педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалуына тоқталып, өте жақсы деген баға берді. Топтарды орталықтарға бөлу бойынша бірнеше нұсқаулар берілді. Орталықтарды ары қарай жандандыра беруді тапсырды.

Екінші мәселе бойынша бөбекжай әдіскері Қуттыбай А.Н. 2023-2024 оқу жылындағы балалардың қаңтар айындағы білім деңгейлерінің сараптамасына тоқталды. Бастапқы бақылау парағы мен аралық бақылау парақтары бойынша есеп берді. Балалардың білім көрсеткіштері пайыздық мөлшермен көрсетілді. Балалардың білім сапасын арттыруға жұмыстар жасалу қажеттілігі ескертілді.

Үшінші мәселе бойынша тәрбиеші Каринбаева Н «Көркем шығармалар қойылымдары мен интеллектуалдық ойындар» тақырыбында ойындар көрсетті. «Логика қайда?» логикаға арналған интеллектуалдық ойын өткізді. Педагогтарды екі топқа бөліп педагогтардың ойлау қабілеттерін шындады. Одан соң ертегіні сахнау бойынша «Аю мен маса» ертегісін атрибуттарды қолдану арқылы ертегіні сахналап шықты. Педагогтарға өзара рөл бөлініп, рөлге сәйкес ертігіні сомдады. Қорыта айтқанда, балаларды көркем шығармалар қойылымдары мен интеллектуалды ойындар арқылы дамытудың маңызын атап өтті.

Төртінші мәселе бойынша тәрбиеші Асылбекова Г «Ойнай жүріп ойлайық» тақырыбында іс-тәжірибе жүргізді. Педагогтарды бір сызыққа тұрғызып «Ия-жоқ» ойынын ойнатты. Ойын барысында сыни ойлау, тез шешім қабылдау дағдылары қалыптасты. Бірінші ойында жеңіске жеткен алты педагог нейрожаттығулармен жаттығып, «Крестики-нолики» ойынын ойнады. Жеңген педагогтармен «Түстерді ажырат» ойынын ойнады. Соңында қалған педагогтар медальдармен марапатталды. Ойнау арқылы көптеген дағдылардың қалыптасатынына педагогтардың көзі жетіп, қызығышылықтары артты.

Бесінші мәселе бойынша тәрбиеші Бестенова Л «Ертегі сыр шертеді» шеберлік сағатын өткізді. Көлеңке театры арқылы балаларға ертегі сомдатудың маңыздылығын атап өтті. «Аю мен қояндар» ертегісін педагогтар рөлге бөліп көлеңке театрында сомдап шықты. Шеберлік сағатынан соң педагогтар ерекше әсерленді.

Әр түрлі мәселелер бойынша әдіскер А.Н.Қуттыбай топтардың ішкі безендірілуі мен орталықтарға бөлінуге байланысты баға берілді. Топтардың айлық жұмыстары бойынша есептерді уақытында тапсырып, өткізіп отыруды ескертті. «Үздік тәрбиеші-2024» байқауының ережесімен таныстырып шықты. Бөбекжай меңгерушісі Г.Ж.Карабаева ішкі тәртіп пен 2023-2024 оқу жылының аудандық семинарына байланысты нұсқаулар берілді. Төлемақыны уақытында төлетіп отыруды тапсырды, тегін тамақтанатын балалардың табельдерін қатесіз толтыруды сұрады. Педагогикалық кеңес қорытындыланды, шешім шығарылды.

### **№3 педагогикалық кеңестің шешімі:**

1. Топтардағы дамытушы орталықтар жандандырылсын.
2. Білім деңгейінің сапасын көтеруге жұмыстар нақтылансын.
3. Іс-тәжірибелер мен шеберлік сағаттар үнемі өткізіліп отырсын.
4. Педагогтардың этика-эстетикалық талғамдарын жақсарту, әріптестер арасында субординация сақталсын.

**Педкеңес төрайымы:** Г.Ж.Карабаева  
**Хатшы:** Қуттыбай А.Н



**№4 педагогикалық кеңес тақырыбы:** «Бөбекжайдағы іс-әрекет процесі»

**Мақсаты:** педагогикалық ұжымның жұмыстарының жетістіктері мен кемшіліктерін түзету жолдарын белгілеу.

**№ 3 педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдерінің орындалуы.**

**Өткізген күні:** 27 наурыз 2024 жыл

**Барлығы:** 12 педагог

**Қатысқан:** 12 педагог

**Қатыспаған:** 0 педагог

**Педкеңес төрайымы:** Г.Ж.Карабаева

**Хатшы:** Қуттыбай А.Н

**Күн тәртібіндегі мәселелер:**

1. № 3 педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдерінің орындалуы.

*Бөбекжай меңгерушісі: Карабаева Г.Ж*

2. Баяндама: «Инновациялық технология арқылы балалардың шығармашылық- танымдық қабілеттерін дамыту»

*Тәрбиеші: Серикбаева Н*

3. Тренинг. Мақсаты: тәрбиеленушілерден қазіргі заманғы отбасы туралы нақты жағдайларға идеалды көзқарастарды талдау, тәжірибесін басқаларға өнеге ету, біліктілігін жетілдіру.

*Әдіскер: Қуттыбай А.Н*

4. «Менің педагогикалық жаңалығым»

*Тәрбиеші: Аширова А.*

5. «Инновациялық әдіс-тәсілдер» шеберлік сағаты.

*Психолог: Аханова А.*

6

*Логопед: Тұрлыбек Б*

7. «Бөбекжайдағы жаңа педагогикалық тәсілдерді іске асыру»

*Жас тәрбиешілер: Серикбаева Н,*

8. Әр түрлі мәселелер

Педагогикалық кеңестің шешім жобасын қабылдау және бекіту.

2023-2024 оқу жылының №3 педкеңесі дәстүрден тыс өтті. Бірінші мәселе бойынша бөбекжай меңгерушісі Г.Ж.Карабаева сөз алды. №3 педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалуына тоқталып, жақсы деген баға берді. Педагогтар арасындағы әріптестің қарым-қатынас бойынша ескертпелер туралы айтылды. Топтарды орталықтарға бөлу бойынша бірнеше нұсқаулар берілді. Орталықтарды ары қарай жандандыра беруді тапсырды.

Екінші мәселе бойынша «Инновациялық технология арқылы балалардың шығармашылық- танымдық қабілеттерін дамыту» тақырыбында Серикбаева Назира баяндама оқуы тиіс еді, дайын болмағандықтан №5 педкеңеске қалдырылды.

Үшінші мәселе бойынша әдіскер А.Н.Куттыбай «Бақытты отбасы» тренинг өткізді. Мақсаты: тәрбиеленушілерден қазіргі заманғы отбасы туралы нақты жағдайларға идеалды көзқарастарды талдау, тәжірибесін басқаларға өнеге ету, біліктілігін жетілдіру. Жас ата-аналарға нұсқау берудегі тәрбиешілердің ұстануы тиіс бірнеше ережелермен таныстырды. «Бақытты болудың» және «Бақытты отбасы» құрудың критерийлері талқыланды.

Төртінші мәселе бойынша «Менің педагогикалық жаңалығым» тақырыбындағы шеберлік сағаты да дайын болмағандықтан №5 педкеңеске қалдырылды.

Бесінші мәселе бойынша психолог Аханова Ақмарал «Инновациялық әдіс-тәсілдер» шеберлік сағатын өткізді. Ортаңғы топ балаларына арналған ойын түрлерімен таныстырды, жылжымалы түрде жасалынған ойын түрлерін таныстырды. Әріптестері сұрақтарын қойып, шеберлік сағаты өте жақсы көрстілді.

Алтыншы мәселе бойынша тәрбиеші Тұрлыбек Балжан. «Сөйлейтін қабырға» стенді бойынша шеберлік сағатын көрсетті. Жылжымалы сөйлейтін қабырға беттеріндегі ойындардың ойналу тәртібі мен мақсаттарымен таныстырды. Әріптестерінің сұрақтарына жауап беріліп, шеберлік сағаты талқылаумен аяқталды. Педагогтар өздеріне ерекше әсер алды, сөйлейтін қабырғалардың қажеттілігін білді.

Жетінші мәселе бойынша жас тәрбиеші Серикбаева Назира «Бөбекжайдағы жас педагог мамандарынан іс-тәжірибе» көрсетті. Іс-тәжірибе барысында ұлттық құндылықтарды негізге алып, «Қазан асық ойыны» таныстырылды. «Өрнектер мен текше» жаңа ойыны таныстырылып, педагогтар ойынның ойналу ережесімен танысты. Әріптестерінің сұрақтарына жауап беріп, әр педагог өзіне қажетті идеялар алды.

Әр түрлі мәселелер бойынша әдіскер Куттыбай А.Н топтардың ішкі безендірілуі мен орталықтарға бөлінуге байланысты баға берілді. Топтардың айлық жұмыстары бойынша есептерді уақытында тапсырып, өткізіп отыруды ескертті. Бөбекжай меңгерушісі Г.Ж.Карабаева ішкі тәртіп пен 2023-2024 оқу

жылының аудандық семинарына байланысты нұсқаулар берілді. Төлемақыны уақытында төлетіп отыруды тапсырды, педагогтар арасындағы әріптестік қарым-қатынастарды нығайтуға тапсырды. Бір-бірімен жақсы қарым-қатынас орнатуды сұрады. Педагогикалық кеңес қорытындыланды, шешім шығарылды.

**№4 педагогикалық кеңестің шешімі:**

1. Тапсырылмаған тапсырмалар мен циклограмма жазылмағаны үшін әдіскерден түсінік хат басшыға түскен жағдайда еңбек ақысынан шегерілсін.
2. Топтар мен залдар безендірілсін, дамытушы орталықтар толықтырылсын.
3. Әріптестер арасында өзара тілтабысулық, бірлік болсын. Ұжым тәртібіне бағынышты болсын, Келесі келеңсіз жағдайда бөбекжай тәртіп ережесін бұзса басшы тарапынан ескерту жазылсын
4. Күн режимі бақылауға алынсын.

**Педкеңес төрайымы: Г.Ж.Карабаева**

**Хатшы: Куттыбай А.Н**



**№5 педагогикалық кеңес тақырыбы:** *Өткен оқу жылындағы педагогикалық ұжым жұмысының нәтижелігі*

**Мақсаты:** *МДМ-де барлық іс-әрекеттер нәтижесін және әр педагогтың жыл бойы жасаған жұмысын қорытындылау, тәрбие-білім беру жұмысының бірнеше түрлерін көрсете алуы, оның нәтижесі.*

*№ 4 педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдерінің орындалуы.*

**Өткізген күні:** 31 мамыр 2024 жыл

**Б**

**а Қатысқан:** 12 педагог

**р Қатыспаған:** 0 педагог

**л Педкеңес төрайымы:** Карабаева Г.Ж.

**ы Хатшы:** Бабашева О

**ғ**

**ы Күн тәртібіндегі мәселелер:**

**:1.** №4 педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдерінің орындалуы.

педагог

*Бөбекжай меңгерушісі:* Карабаева Г.Ж.

**2.** Педагогтардың жыл бойы істелінген жұмыстар бойынша есеп, тәлімгерлер жұмысының есебі.

*Әдіскер, барлық педагогтер*

**3.** 2023-2024 оқу жылының мамыр айындағы балалардың негізгі құзыреттіліктерінің қалыптасуы бойынша сараптама (мониторинг нәтижелері)

*Әдіскер: Қуттыбай А.Н*

**4.** «Менің педагогикалық жаңалығым»

*Тәрбиеші: Аширова А*

**5.** «Инновациялық технология арқылы балалардың шығармашылық-танымдық қабілеттерін дамыту» шеберлік сағаты.

*Психолог: Аханова А*

**6**

*Педагог-психолог Аханова А*

**Тренинг сағатын ұйымдастырушылармен бірге балалармен бірге**

*Әдіскер: Қуттыбай А.Н*

**8.** Әр түрлі мәселелер

Педагогикалық кеңестің шешім жобасын қабылдау және бекіту.

2023-2024 оқу жылының №4 педкеңесі дәстүрден тыс өтті. Бірінші мәселе бойынша бөбекжай меңгерушісі Г.Ж.Карабаева сөз алды. №3 педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалуына тоқталып, өте жақсы деген баға берді. аудандық семинар өте жоғары деңгейде өткенін және барлық келген педагогтер өте жоғары бағалап кеткенін мақтанышпен айта кетті. Барлық топтардың дамытушы орталықтар бөлінгенін және әр топ өз жасына лайықты екенін де атап педагогтерге алғысын білдірді.

Екінші мәселе бойынша педагогтардың жыл бойы істелінген жұмыстар бойынша есеп, тәлімгерлер жұмысының есебі бойынша әр педагог есебін тапсырды. Әр педагог өз қорытынды есебі ішінен өзіне ең ұнаған, мақтаныш сыйлаған абзацтарын оқып берді. Тәлімгерлер жұмысына да оң баға берілді.

Үшінші мәселе бойынша 2023-2024 оқу жылының мамыр айындағы балалардың негізгі құзыреттіліктерінің қалыптасуы бойынша сараптама (мониторинг нәтижелері) нәтижелерін бөбекжай әдіскері Қуттыбай А.Н айтып өтті. Келесі оқу жылында коммуникативтік дағдыларды дамытуға арналған іс-шараларды көбейтетінін ескерте кетті. Барлық білім дағдыларының ішінде коммуникативтік дағдылардың көрсеткіші ойландырарлықтай болып тұрғанын айта кетті.

Төртінші мәселе бойынша «Менің педагогикалық жаңалығым» тақырыбында Аширова Айман шеберлік сағатын өткізді. Төрт түлік малдың сүйектерінен музикалық аспаптарды қалай дайындағанын көрсетті. Малдың әр түрлі сүйектерінен үрмелә және ұрмалы аспаптардан оркестр құрып көрсетті. Педагогикалық жаңалығын ары қарай шындай беретінін айта өтті.

Бесінші мәселе бойынша «Инновациялық технология арқылы балалардың шығармашылық- танымдық қабілеттерін дамыту» тақырыбында Аханова Ақмарал іс-тәжірибесімен бөлісті. Әртүрлі топтармен ойнауға болатын ойын түрімен таныстырды. Педагогтер сұрақтарына жауап беріп, ойын ережесін жан-жақты түсіндірді. Әріптестері тарапынан оң бағаланды.

Алтыншы мәселе бойынша педагог-психолог Аханова Ақмарал «Қорытынды жасаймыз» тренингін ойнатты. Әр топ тәрбиешілері өз әріптестерімен бірге жыл бойы жасалған жұмыстарына қорытынды жасау ретінде бірнеше ойын түрлерін ойнады. Әр ойын соңында әр іс-әрекетке қорытынды жасалынып отырды.

Жетінші мәселе бойынша әдіскер Қуттыбай Аида жазғы сауықтыру шараларын талқылау және бекіту бойынша баяндама жасады. Жаңа нұсқаулықпен таныстырып, жаз мезгілінде жұмыс жасайтын тәрбиешілерге бірнеше нұсқаулар берілді. Сабақ кестелері таратылып, циклограмма үлгісі берілді.

Әр түрлі мәселелер бойынша меңгеруші Г.Ж.Карабаева топтардың ішкі жөндеу жұмыстарына әр педагог жауапты екенін айтты. Жаз мезгіліне ақылы демалысқа шығатын педагогтер кестесімен таныстырып өтті. Жазғы сауықтыру

маусымында жұмыс жасауға қалатын педагогтерді топтарға бөлді. Еңбек демалысына шығатын әріптестеріне жақсы демалыс тіледі.

Педагогикалық кеңес қорытындыланды, шешім шығарылды.

**№5 педагогикалық кеңестің шешімі:**

1. Оқу жылының барлық құжаттары тігілсін, тапсырылсын.
2. 2023-2024 оқу жылының жылдық жоспары толықтай жаңартылсын.
3. Шығармашылық ізденіс жандансын, жаңа оқу жылына жаңа көзқараспен келсін.
4. Еңбек демалысына педагогтар кестеге сай жіберілсін.
5. Жазғы сауықтыру маусымында жұмыс жасайтын педагогтер жауапкершілікпен жұмыстарын атқарсын, бала қауіпсіздіне баса назар аударылсын.

**Педкеңес төрайымы:** Карабаева Г.Ж.

**Хатшы:** Бабашева О

